

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 1 – 5 маусым



2026 жылғы 1 – 5 маусым

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Нарықтар: раллиден кейінгі үзіліс және технологиялық секторға қысым

02



Экономика: АҚШ облигациялары кірістілігінің өсуі және доллардың нығаюы

03



Жаһандық нарықтар және ЖИ: инвестициялық циклді жеделдету және мұнай бағасының қысымы

Нарықтар:раллиден кейінгі үзіліс және технологиялық секторға қысым

Америкалық индекстер тоғыз аптаға созылған өсу сериясын тоқтатты. Негізгі қысым технологиялық секторға және жартылай өткізгіштер мен жасанды интеллектке байланысты қағаздарға түсті. Апта соңындағы жаппай сатылым күшті раллиден кейінгі пайданы бекітуді, жұмыспен қамту жөніндегі мықты есептен кейін облигациялар кірістілігінің өсуін және инвесторлардың жасанды интеллектке ауқымды инвестициялардың қаржылық қайтарымын растауға деген жоғары талаптарын көрсетті. Бұл ретте кең нарық салыстырмалы түрде тұрақты болды. S&P 500 индексі аптаны шамамен 7 384 тармақ деңгейінде, ал NASDAQ шамамен 25 709 тармақ деңгейінде аяқтады.

Еуропада динамика аралас болды, Жапония оң динамиканы сақтап қалды, ал Қазақстанның KASE индексі 0,68%-ға төмендеді.

Атауы	Бір аптадағы динамика
S&P 500	-2,59%
Nasdaq	-4,68%
Dow Jones	-0,32%
KASE	-0,68%
Euro Stoxx 50	+0,19%
FTSE 100	-0,40%
Nikkei 225	+0,39%
MSCI World	-2,24%
MSCI EM	+1,99%

кірістілігінің өсуі және доллардың нығаюы

Облигациялар және мөлшерлеме. Үзілістен кейін облигация кірістілігінің өсуі қайта жанданды. Апталық шолу бойынша UST 2 жылдық кірістілігі шамамен 4,00%-дан 4,16%-ға дейін, ал 10 жылдық облигация кірістілігі 4,53-4,55%-ға дейін өсті. Оған негізгі себеп — еңбек нарығының күткеннен мықты болуы және инфляцияның мақсатты деңгейден жоғары сақталу қаупі.

Техникалық тұрғыдан алғанда, 2 және 10 жылдық облигациялар кірістілігі арасындағы айырмашылықты көрсететін 2Y/10Y қисығы тегістелу бағытын жалғастырды. Bloomberg деректеріне сәйкес бұрынғы қолдау аймағының бұзылуы қысқамерзімді және ұзақмерзімді мөлшерлемелер арасындағы айырмашылықтың одан әрі қысқаруын көрсетуі мүмкін.

Валюталар және шикізат нарығы. Доллар нығайды: DXY индексі 1,17%-ға өсті, ал EUR/USD бағамы 1,15 деңгейіне дейін төмендеді. USD/KZT бағамы өзгерген жоқ және 485,80 теңгені құрады, ал RUB/KZT бағамы 4,64%-ға төмендеді. Шикізат нарығында Brent маркалы мұнай 3,81%-ға өсті, алтын 4,62%-ға, күміс 9,89%-ға төмендеді. Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы Таяу Шығыстағы жағдаймен және инфляциялық тәуекелдермен байланысты.

Атауы	Бір аптадағы динамика
Алтын	-4,62%
Күміс	-9,89%
Brent маркалы мұнай	+3,81%

Макроэкономика. АҚШ-тың экономикалық деректері күткеннен де мықты болып шықты. Мамыр айында экономикада 172 мың жаңа жұмыс орны ашылды, жұмыссыздық деңгейі 4,3% деңгейінде сақталды, ал соңғы үш айдағы жұмыспен қамтудың орташа өсімі 188 мың адамға жетті. Бұл экономиканың тұрақты өсу сценарийін қолдайды, алайда ақша-кредит саясатын жақын арада жұмсарту ықтималдығын төмендетеді.

АҚШ өнеркәсібіндегі ISM іскерлік белсенділік индексі 54,0-ге дейін, ал қызмет көрсету саласындағы индекс 54,5-ке дейін өсті, бұл іскерлік белсенділіктің тұрақты екенін көрсетеді. Алайда баға компоненттері әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Мөлшерлеме нарығында ФРЖ-ның қатаң ақша-кредит саясаты тәуекеліне байланысты сыйлықақы пайда болды, оны тұрақты инфляциядан сақтандыру тетігі ретінде қарастырған жөн. АҚШ-тың кірістілігі жоғары облигациялар нарығы да қысымға ұшырады: индекстің кірістілігі 7,19%-ға дейін өсті, ал кредиттік спред 265 базалық тармаққа дейін кеңейді.

Жаһандық нарықтар және ЖИ: инвестициялық циклді жеделдету және мұнай бағасының қысымы

Жасанды интеллект құрылымдық инвестициялық тақырып ретінде өз маңызын сақтап отыр, алайда оның инвестициялық бейіні өзгеруде: ЖИ-ге инвестиция салу циклінің жеделдеуі акционерлерге капиталды қайтару бағытындағы саясатпен бәсекелесе бастады. S&P 500 компанияларының пайда маржасы 15,6%-ға дейін өсті, дегенмен 2026 жылы жасанды интеллектке арналған күрделі шығынның 33%-ға артуы күтілуде. Ірі бұлттық платформалар шамамен 700 млрд АҚШ долларын инвестициялайды, бұл олардың операциялық ақша ағынының 100%-ына жуық көлеммен тең. Осының нәтижесінде S&P 500 индексі бойынша акцияларды кері сатып алу кірістілігі 1,9%-ға дейін төмендеді, ал дивидендтік кірістілік соңғы 25 жылдан астам уақыттағы ең төмен деңгейге — шамамен 1,3%-ға дейін түсті.

Жаһандық нарықта дамушы елдердің индекстері дамыған нарықтарға қарағанда жақсы нәтиже көрсетті, алайда күшті доллар мен жоғары пайыздық мөлшерлемелердің қысымымен ішкі айырмашылықтар арта түсуде. Еуропада мамыр айындағы инфляция 3,2%-ға дейін өсті, ал Қытайда ресми көрсеткіштің әлсіздігіне қарамастан, жеке сектордың өндірістік PMI индексі 51,8 деңгейін көрсетті.

Мұнай қайтадан негізгі макроэкономикалық тәуекелдердің біріне айналды: Brent маркалы мұнай бағасы барреліне 97,44 АҚШ долларына дейін көтерілді. Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы Таяу Шығыстағы жағдаймен және инфляциялық тәуекелмен байланысты. S&P 500 компанияларының есептерінде мұнайға қатысты ескерту саны 2020 жылдан бергі ең жоғары деңгейге жетті.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. «BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты көпілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.